

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2015 жылғы 6 ақпандағы " Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың дамуға ресми көмек саласындағы өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту туралы" № 11-1-2/42 және "Дамуға ресми көмектің жобалық ұсынысының нысанын бекіту туралы" № 11-1-2/43 бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2025 жылғы 20 наурыздағы № 11-1-4/163 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 20 наурызда № 35850 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың дамуға ресми көмек саласындағы өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2015 жылғы 6 ақпандағы № 11-1-2/42 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10431 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

2. "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1118 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 109) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:"**;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың дамуға ресми көмек саласындағы өзара іс-қимыл жасау қағидаларында:

1-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың дамуға ресми көмек саласындағы өзара іс-қимыл жасау қағидалары (бұдан әрі – қағидалар) "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1118 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 109) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік органдар мен ұйымдардың дамуға ресми көмек (бұдан әрі – ДРК) саласындағы өзара іс-қимыл тәртібін айқындайды.";

2-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың дамуға ресми көмекті қалыптастыру жөніндегі өзара іс-қимылы";

3-тармақтың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жобалық ұсыныстар "Дамуға ресми көмектің жобалық ұсынысының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2015 жылғы 6 ақпандағы № 11-1-2/43 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10430 болып тіркелген) нысанға сәйкес енгізіледі.";

3 және 4-тараулардың атаулары мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Бекітілген ДРК іс-шаралар және ДРК-ға халықаралық ұйымдарға ерікті жарнаны төлеу жоспарларына өзгерістер енгізу жөнінде мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өзара іс-қимылы";

"4-тарау. ДРК жобаларын іске асыру жөніндегі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өзара іс-қимылы";

10-тармақ алынып тасталсын.

2. "Дамуға ресми көмектің жобалық ұсынысының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2015 жылғы 6 ақпандағы №11-1-2/43 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10430 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1118 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 111) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**".

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Көпжақты ынтымақтастық департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК